КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 09 тамыз №7119-23-00-2/6615 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ғ.Жақсыбаев,
сот отырысының хатшысы Е.Қ.Бөріхан,
ашық сот отырысында ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«FAST DELIVERY express 1» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талапкердің өкілі А.О.Құмарбекова,
жауапкердің өкілі А.С.Дертаева,
аудармашы Б.А.Ахметова;

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 23 ақпанда «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – КЕАҚ) мен «FAST DELIVERY express 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №ЦП-91-23 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

ЖШС шартының талаптарына сәйкес орындаушы ретінде 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін талап қоюшыға жалпы бағасы 1 500 000 теңге жеделтілген/курьерлік пошталық байланыс бойынша қызметерді көрсетуге, ал КЕАҚ тапсырыс беруші ретінде қызметтерді қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 09.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 18.10.2023, судья Жақсыбаев А. Ғ., 30.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға толық сәйкес қызметтерді көрсетпеген, яғни техникалық сипаттаманың 8 тармағына сәйкес жөнелтілімнің барлық жүру бағыты бойынша мекенжай мәліметін, сонымен бірге табыс ету жайлы мәліметті қызмет көрсетушінің сайтында онлайн режимде қадағалау мүмкіндігін беру және корреспонденцияны табыс еткеннен кейін корреспонденцияны табыс ету туралы хабарламаны беру (қабылдап алушының аты-жөнін, қабылдаған күні мен уақытын көрсету).

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдады және оны қанағаттандыруды сұрады. Сонымен қатар, қазіргі уақытқа дейін аталған кемшіліктер жойылмағанын және қызмет көрсетушінің сайты тиісті турде жұмыс істемейтінін көрсетті.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арызбен келіспеді және оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Қызмет көрсетушінің сайты техникалық себептерге байланысты уақытша жөнді істемейтінін көрсетті.

Тараптарды тыңдап, азаматтық іс материалдарын зерделей отырып, сот келесіге келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 23 ақпанда тараптар арасында шарт жасалған.

Шарттың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай қызмет көсетуі техникалық сипаттамаға нақты болуы тиіс.

Талап арызда өнім берушінің шарттың және техникалық сипаттаманың талаптарын бұзғаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 09.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 18.10.2023, судья Жаксыбаев А. Г., 30.10.2023
7119-23-3-1/6243

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттың талаптарын бұзғандығын анықтады.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шарты тиісті орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының «FAST DELIVERY express 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

«FAST DELIVERY express 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«FAST DELIVERY express 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, іске қатысқан тұлғалар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, ал прокурор апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Ғ., 09.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 18.10.2023, судья Жақсыбаев А. Ғ., 30.10.2023